

Пайдалану бойынша  
нұсқаулық

**DEXP**

**Эпилятор**  
**Сауда белгісі «DEXP»**  
**Үлгісі LS-2001**

# Мазмұны

Құрметті сатып алушы! .....	4
Құрылғының мақсаты .....	4
Сақтық шаралары .....	4
Техникалық сипаттамалары.....	5
Жинақталым .....	5
Құрылғының схемасы .....	6
Құрылғыны зарядтау .....	7
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық .....	7
Эпиляция алдында .....	7
Эпиляция.....	7
Тазалау және күтім жасау .....	8
Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары .....	8
Қосымша ақпарат .....	9

## Құрметті сатып алушы!

Біздің өнімімізді таңдағаныңыз үшін Сізге алғыс білдіреміз.

Біз Сізге сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленіп жасалған бұйымдарды ұсынуға қуаныштымыз.

Аспапты пайдалану алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз, онда Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ аспапты дұрыс пайдалану және оны күтіп ұстау жөніндегі ұсынымдар берілген. Осы Нұсқаулықты сақтап қойыңыз және аспапты әрі қарай пайдалану кезінде оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

## Құрылғының мақсаты

Аталған аспап денедегі шашты жоюға арналған электрмеханикалық құрылғы болып табылады.

## Сақтық шаралары

1. Құрылғының IPX4 қорғау стандарты бар, тексерілген электр жабдығы әр түрлі жақтан бағытталған шашырандылардың көп мөлшері (мысалы, душ тамшылары) әсер еткен кезде, кез келген күйінде зардап шекпейтінін және тұрақты күйінде жұмысын жалғастыратынын көрсетеді.
2. Құрылғыны және оның аккумуляторын төтенше температуралардың әсерінен сақтаңыз, оны қуатты ыстық көздерінің (пештер, қыздырғыштар және т.б.) жанында сақтамаңыз.
3. Құрылғыны зарядтауға орнатар алдында оның өшірілген күйінде болғанына көз жеткізіңіз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** қосулы күйінде зарядтаған кезде аккумулятор бұзылып қалуы мүмкін.

4. Құрылғыны тек үйлесімді электр желілеріне ғана (220 В) қосыңыз.
5. Құрылғыны электр желісіне қосқан кезде ұзартқышты пайдаланбаңыз.
6. Аталған құрылғы балалардың, сондай-ақ дене, физиологиялық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі немесе тәжірибесі және/немесе білімі жоқ тұлғалардың пайдалануына арналмаған, олардың қауіпсіздігіне жауапты тұлға олардың әрекеттерін бақылайтын немесе аталған құрылғыны дұрыс пайдалану туралы нұсқау беретін жағдайларды қоспағанда.
7. Құрылғыны өздігінен жөндеуге, теңшеуге немесе бөлшектерін ауыстыруға тырыспаңыз. Жөндеу үшін авторландырылған сервистік орталыққа хабарласыңыз.
8. Егер электр кәбілі бұзылған болса, жарақат алуды болдырмау үшін оны сервистік орталығының білікті маманы ауыстыруы керек.
9. Құрылғыны ылғалды және құрғақ теріге пайдалануға болады, алайда, ауырсыну сезімін азайту үшін процедура алдында теріні ылғалдандыру ұсынылады.
10. Егер денеге арналған кремді немесе лосьонды пайдаланғыңыз келсе, оны эпиляторды пайдаланғаннан кейін жағыңыз.

11. Құрылғыны пайдаланған кезде оны бастағы шашқа, қасқа, кірпікке, сондай-ақ қандай да бір заттарға жақындатпаңыз.
12. Эпиляторды алғаш рет пайдаланған кезде терінің аздап тітіркенуі (қызару, қызыл нүктелер) пайда болуы мүмкін, ол тез қайтады. Егер ол қайтпаса, дәрігерге жүгінуді қадала ұсынамыз.
13. Эпиляторда, оны зарядтау құрылғысында және кез келген басқа компонентінде бұзылыстар болған кезде оларды пайдалануға тыйым салынады, өйткені бұл жарақатқа әкелуі мүмкін. Зарядтау құрылғысын немесе кез келген басқа бұзылған элементті ауыстыру үшін тек түпнұсқа компоненттерді ғана пайдаланыңыз.
14. Құрылғыны пайдалану, зарядтау және сақтау 5 °C-тан 35 °C-қа дейінгі температурада жүргізілуі керек.
15. Құрылғының жинақталымына кіретін керек-жарақтарды ғана пайдаланыңыз. Кез келген басқа аккумуляторларды, бастиектерді, саптамаларды және т.б. пайдалану ауыр жарақаттың және/немесе меншікке залал тигізу себебі болуы мүмкін.


## Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: LS-2001.
- Жылдамдықтар саны: 2.
- Ауыстырып-қосқышты бұғаттау: бар.
- Пинцеттер/дисктер саны: 18.
- Аккумулятор: Li-ion, 3,7 В / 500 мА·сағ.
- Жарық индикаторы:
  - зарядтау кезінде қызыл түспен жанады;
  - толығымен зарядталған кезде жасыл түспен жанады.
- Дербес жұмыс істеу уақыты: 45 минут.
- Тез зарядтау уақыты: 95 мин.
- Өлшемі: 102,5x71,5x35 мм.
- Салмағы: 126 г.

## Жинақталым

- Эпилятор.
- USB кәбілі.
- Тазалауға арналған шөтке.
- Қорғаушы қалпақша.
- Пайдалану бойынша нұсқаулық.

## Құрылғының схемасы



1. Эпилятордың бастиегі.
2. Жылдамдықты реттегіш / Ажыратқыш (Қос./ Сөнд.).
3. Жарық индикаторы.
4. Бастиекті ажырату батырмасы.
5. Қорғаушы қалпақша.
6. Тазалауға арналған шөтке.
7. USB кәбілі.

## Құрылғыны зарядтау

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** құрылғының аккумуляторы шамамен 95 минут ішінде толығымен зарядталады. Толық заряд 40-45 минут жұмысқа жетеді.

1. Жеткізу жиынтығынан шыққан кәбілді эпиляторға қосыңыз.
2. Кәбілді адаптерге / компьютерге қосыңыз.
3. Зарядтау индикаторы қызыл түспен жанады.
4. Құрылғы толығымен зарядталғаннан кейін (индикатор жасыл түспен жанады), оны қуат көзінен ажыратыңыз.

## Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** желіге қосылған құрылғыны пайдаланбаңыз!

### Эпиляция алдында

Теріңіз таза, толығымен құрғақ болғанына және майлы еместігіне көз жеткізіңіз. Эпиляция процедурасы алдында кремдерді, лосьондарды немесе басқа құралдарды пайдаланбаңыз.

Ең жақсысы эпиляция процедурасын ванна немесе душ қабылдағаннан кейін жүргізу керек.

Егер эпиляция үшін таңдалған аймақтағы шаш 3-4 мм-ден ұзын болса, оны эпиляция процедурасын бастар алдында қысқарту үшін қырынуға арналған саптаманы пайдаланыңыз.

### Эпиляция

1. Егер құрылғыға қандай да бір бастиек орнатылған болса, бүйірдегі батырманы басып, оны алып тастаңыз.
2. Эпиляция бастиегін орнатыңыз: бүйір жақтарынан ақырын ұстап, оны құрылғыға жақындатыңыз және бекіту үшін оны басыңыз. Бастиектің сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз.
3. Шашы аз аймақтар үшін, жетуі қиын аймақтар үшін немесе сүйектер болатын аймақтар үшін (тізелер, тобықтар) 1-жылдамдықты таңдаңыз. Шашы көп кең аймақтар үшін 2-жылдамдықты таңдаңыз.
4. Шашты сәл көтеру үшін қолыңызды шаш өсуіне қарсы бағытта жүргізіңіз.
5. Құрылғыны теріге қатысты перпендикуляр орналастырыңыз, оның ажыратқышы Сіз құрылғыны жылжытатын бағытта орналасуы керек.
6. Өңделетін аймақтағы теріні сәл тартып тұрып, құрылғыны шаштың өсуіне қарсы бірқалыпты жылжытыңыз.
7. Процедура аяқталғаннан кейін жылдамдықты реттегішті бастапқы күйіне ауыстырып, құрылғыны өшіріңіз.

**Ескерту:** егер шаш тым ұзын болса, эпиляцияға кіріспес бұрын шашты 10 мм дейін триммермен қырқу ұсынылады. Бұл процедураны азырақ ауыртатын қылады.

## Тазалау және күтім жасау

Құрылғының қызмет мерзімін ұзарту үшін әр пайдаланғаннан кейін саптамаларды тазалап жүру ұсынылады. Жүйелі тазалау пайдаланған кезде ең жақсы нәтижелерді қамтамасыз етеді.

1. Құрылғыны сөндіріп, оны қуат көзінен ажыратыңыз.
2. Саптаманы су ағыны астында жуыңыз немесе оны жиынтықтағы шөткенің көмегімен тазалаңыз.
3. Су тамшыларын мұқият сілкіп түсіріңіз. Барлық бөлшектерді толығымен кептіріп алыңыз.

### **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:**

4. Саптамалардан қандай да бір бөліктерін (эпиляция дискілері және т.б.) шығаруға тырыспаңыз.
5. Аспапты тазалау үшін абразивті жабыны бар губкаларды, абразивті тазалау құралдарын немесе еріткіштерді (бензин, ацетон және т.б.) пайдалануға тыйым салынады.

## Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Аспап қандай-да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғы өндіруші мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауаның 5 °C-тан 40 °C-қа дейінгі температурасында және 80%-дан аспайтын салыстырмалы ауа ылғалдылығында қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда коррозияны тудыратын жемір қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғы құрғақ ортада тасымалдануы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты ұстауды қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталған соң, оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін тиісті электр және электрондық жабдықты қабылдау орнына кәдеге жаратуға тапсырылуға тиіс. Осы өнімнің кәдеге дұрыс жаратылуын қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз, дұрыс қолданылмаған жағдайда қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына келтірілуі мүмкін залалдың алдын аласыз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдарда немесе тұрмыстық қоқыс шығаратын кәсіпорыннан білуге болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда, тез арада авторландырылған сервистік орталыққа хабарласу немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.



## Қосымша ақпарат

**Өндіруші:** Нинбо Байи Электрик Эпплайенс КО., ЛТД.  
№282, Чжэньсин оңтүстік тас жолы, Сымэнь, Юйяо уезі, Нинбо қ., Чжэцзян пров., Қытай.

**Manufacturer:** Ningbo Baiyi Electric Appliance CO. LTD.  
NO.282 Zhenxing South Road, Simen Town, Yuyao City, Ningbo City, Zhejiang Province, China.

Қытайда жасалған.

**Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Республике Казахстан:**  
ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Астана, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Республика Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға:**  
«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Астана қ-ы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа д-лы, 12 ғ-т, Қазақстан Республикасы.

Тауар Кеден одағының келесі техникалық регламент талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімділігі».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Сипаттізімдері, өнім туралы ақпарат, оның жинақталымы мен функционалы пайдаланушыға алдын ала ескертілмей өзгертілуі мүмкін.

**Интернеттегі мекенжайы:** [www.dexp.club](http://www.dexp.club)



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

## **Өндіруші келесі жағдайларда кепілдік міндеттемелерге ие болмайды:**

- Кепілдік мерзімі өтіп кеткен жағдайда.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған бұйым кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оның тікелей мақсатына сәйкес келмейтін өзге мақсаттарда пайдаланылған болса.
- Өндіруші бұйымның иесі және/немесе үшінші тұлғалар бұйымды пайдалану кезінде пайдаланушы нұсқаулығының талаптарын бұзу салдарынан, бұйымды орнату және оған қызмет көрсету жөніндегі ұсынымдарды, бұйымды қосу (тиісті емес желілік кернеудің бұйымның өзіне де, онымен түйіндес бұйымдарға әсер етуінің нәтижесінде де пайда болған қысқа тұйықталулар), сақтау және тасымалдау ережелерін сақтамау салдарынан шеккен ықтимал материалдық, моральдық және өзге зиян үшін жауап бермейді.
- Механикалық зақымданудың барлық жағдайлары: жарықтар, сызаттар, деформациялар, соққы іздері, майысқан, мыжылған жерлер және бұйымды пайдалану барысында пайда болған т. б. зақымданулар.
- Сыртқы түрлендірудің, рұқсат етілмеген жөндеуді осындай жұмыстарды жүргізуге уәкілетті емес тұлғалардың жүргізу іздері болса. Егер ақау бұйым конструкциясының немесе схемасының өзгеруіне, Өндіруші көздемеген сыртқы құрылғылардың қосылуына, жергілікті заңнамаға сәйкес сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалануға байланысты болса.
- Егер бұйымның ақауы еңсерілмейтін күш әсерінен (табиғи апаттан, өрттен, су тасқынынан, жер сілкінісінен, тұрмыстық факторлардан және Өндірушіге байланысты емес өзге жағдайлардан) немесе үшінші тұлғалардың Өндіруші болжай алмаған әрекеттерінен туындаған болса. Ақау бұйымның толық немесе ішінара істен шығуына әкелген бұйымның ішіне бөтен заттар, бөгде денелер, заттектер, сұйықтықтар, жәндіктер немесе жануарлар түсуінен, агрессивті орталардың, жоғары ылғалдылықтың, жоғары температуралардың әсерінен туындаған болса.
- Бұйымның сәйкестендірілуі (сериялық нөмірі) жоқ болса немесе оған сәйкес келмесе. Егер ақаулықтар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық қамсыздандырудың әсерінен; БҚ жеткізушісінде ұқсас қызметтер ұсынылмауына байланысты, арылту / қалпына келтіру мүмкіндігінсіз, бұйымның бағдарламалық ресурстарына қолжетімділіктің жоқ болуына әкелетін, құпиясөздерді (кодтарды) орнатудан, ауыстырудан немесе жоюдан туындаған болса.
- Егер жұмыс ақаулары қуат беру, кәбілдік, телекоммуникациялық желілердің стандарттарына немесе техникалық регламенттеріне, радиосигнал қуатына сәйкес келмеуінен, оның ішінде жер бедерінің ерекшеліктерінен және басқа ұқсас сыртқы факторлардан, бұйымды желінің қамту шекарасында немесе аймағынан тыс пайдаланудан туындаған болса.
- Егер ақаулықтар стандартты емес (түпнұсқа емес) және/немесе сапалы емес (зақымдалған) шығыс материалдарды, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат беру элементтерін, әртүрлі ақпарат тасығыштарын (CD, DVD дискілерін, жад карталарын, SIM карталарын, картридждерді қоса алғанда) пайдаланудан туындаған болса.
- Егер кемшіліктер үйлесімді емес контентті (әуендер, графика, бейне және басқа файлдар, Java қолданбалары және оларға ұқсас бағдарламалар) алудан, орнатудан және пайдаланудан туындаған болса.
- Осы бұйыммен жанасып жұмыс істеп тұрған басқа жабдыққа келтірілген шығынға.

# Кепілдік талоны

SN/IMEI: \_\_\_\_\_

Кепілдікке қойылған күні: \_\_\_\_\_

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге ғана қолданылады.

Кепілдікті қызмет көрсетуге пайдаланушы нұсқаулығының шарттарына сәйкес пайдаланылған бұйымның кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен тыс істен шыққан элементтерін тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 24 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі мына мекенжайда қолжетімді:

<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

**Кепілдік міндеттемелері және ақысыз сервистік қызмет көрсету, егер оларды ауыстыру бұйымды бөлшектеуге байланысты болмаса, бұйым жиынтығына кіретін төменде аталған керек-жарақтарға қолданылмайды:**

- ҚБП (Қашықтан басқару пультіне) арналған қуат көзінің элементтері (батареялар).
- Біріктіру кәбілдері, антенналар және оларға арналған ұластырғыштар, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; әртүрлі ақпарат тасығыштары, жиынтықта жеткізілетін бағдарламалық қамсыздандыру (БҚ) және драйверлер (соның ішінде, бірақ аталғандармен шектелмей, бұйымның қатты магниттік дискілеріндегі жинақтағышқа алдын-ала орнатылған БҚ), сыртқы енгізу/шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Қаптамалар, сөмкелер, белбеулер, тасымалдау баулары, монтаждау керек-жарақтары, құрал-саймандар, бұйыммен бірге жеткізілетін құжаттама.
- Шығыс материалдары және табиғи тозуға ұшырайтын бөлшектер.

